

Қазақ оқырмандарына танымал «Шәкір-Шәкірат» жыры — сюжеттік төркіні Шығыстан келген туынды. Алдымен бұл төктес жырлардың зерттелу жайына келсек, оны өшкім айтпады деуге келмейді. Қазақ эпосын зерделеп зерттеген ғалым Р.Бердібаев, қазақтың лиро-эпосын арнайы қарастырған ғалымның бірі б. Дүйсенбаев, романдық эпос жайын көң түрде сөз өткен Қ.Саттаров осы жанрдың сипаттарын жан-жақты ашуға еңбектенген. Бұл топтағы дастандарды жалықпай жинақ етіп, бастырып, көпшілікке танытып, оларға кіріспе ретінде түсініктеме берген әдебиет зерттеушісі Ү.Субханбердина еңбегінің де орны бөлек. Дегенмен «Шәкір-Шәкірат» өз алдына зерттеу нысаны болған жоқ.

Халықтық сипатта жырланған «Шәкір-Шәкіраттың» басты идеясы — адам өмірін жақсарту, тұрмыста кездесетін қиыншылықтан, ауыр азаптан құтылудың амалын байқату. Сол үшін қажет нәрсе сенімді әрекет, зейінділік қабілет екеніне көз жеткізу басты нысананың бірі болып табылады.

«Шәкір-Шәкірат» сияқты дастандардың ел арасына кеңінен тарауына олардың баспадан шығуының үлкен әсері болды. Қазанда, Уфада, Омбыда, Орынборда, Ташкентте типолитографиялық жолмен кітаптар бастырып шығару жұмысы көң өріс алған кезде Жүсіпбек Шайхулисламұлы, Ақылбек Сабалұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мәулөкей, тағы басқалары Шығыстың классикалық дастандары мен сюжеттерін қайта жырлап, қазақ оқырмандарына кітап үлгісінде таратты. Бұл үрдіс немістерде, орыстарда көң өріс алған болса, тәжіктерде, өзбектерде және қазақтарда да әдеби дамудың белестерінде белгілі орын алды.



«ШӘКІР-ШӘКІРАТ» — ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ДАСТАН

«Шәкір-Шәкіратқа» келсек, дастан XIX ғасырдың соңында бірнеше рет басылып шыққан. Онда Бақтияр есімі салғаннан кездесе кетеді. Мәселен, жырдың екінші шумағында Бақтияр аты басқа да дастандарда кездесетінін ескерсек, оның есімі ұрпақтан-ұрпаққа жеткені даусыз.

Сөз болып отырған дастанның тақырыбы — өгей шешенің жетім балаларға жасаған оқ-сыздығы мен зұлымдығы. Халық ауыз әдебиетінің әлемдік нұсқаларында бұл мотив көң тараған. Қазақ ертегілерінде де осы тақырыпта шығарылған жаратындыларды мол кездестіреміз. Жырдың ой-түйіні — адалдық пен жақсылық. Қай кезде болсын халық ізгілік жолды мұрат еткен. Адалдықты қастерлеп, оған бас ұрған. Дастанның бастапқы тұсында біз осыны анық аңғарамыз.

Ертегілерде, аңыз әңгімелерде, жыр-дастандарда көбіне патша қағарлы, мейірімсіз, қаталдықтың өкілі болып суреттеледі. Олар қылышпен қан тамып, ашуланса бейкүнә жандарды дарға асқызады. Бірақ «Шәкір-Шәкіраттың» жоғарыдағы сияқты үзінділерінен байқайтынмыз патша ел-жұртын басқаруда әділдікті ұстанды. Қарауындағы халыққа еш зияны жоқ болып суреттелген. Бұдан халқымыздың «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген нақылдан дастанды жырлаушы басты нысана етіп ұстап, әкенің енегелі тірлігіне 11-13 жастағы балаларының үлгі аларлық адымын түспалдайды.

Шешеден жетім қалған Шәкір мен Шәкіраттың қиыншылыққа тап болу салдарын дастаннан аңғарамыз. Жырдағы Шәкірдің әкесі Қашым да, ағасы Шәкірат та мерген болып суреттелген. Екеуі де аң аулауға кетіп, Шәкір бала үйге қайтқанда жалаға тап болады. Ұйықтаған балаға жалаңаш келген өгей шешенің нәпсікүмәрлік әрекетінен Шәкір бас тартады.

Дастанның осы тұсы «Жүсіп-Зылихадағы» құл болып сатылған Жүсіптің Мысыр патшасының әйелінің қолынан шығып кету әрекетімен үндестік сипатымен байқалады. Одан ары қарайғы оқиға өрімінің өрбуі де ұқсас келеді. Патшаға өз айыптарын жасыру үшін арыз жасап, жазықсызға жәбір-жала шектіруі тағы да екі дастанның ұқсас сарындарын нұсқайды. Бұл ғана емес, одан кейінгі кейіпкерлердің тағдыр талайына кезігуі, ауырталықтары ұқсас болмағанмен, қияметтерді бастарынан бірге көшкендей.

«Шәкір-Шәкіратта» інісінің жазықсыз қиын тағдырына ағасы ақшашы болуға бел байлайды. Ал «Жүсіп-Зылихада» Жүсіптің ағалары (байбешеден туғандар) інісін өлімге «июға дейін барады. Бұл жолда жоғарыда айтқанымыздай, керемет күштердің кездесуі арқылы Жүсіп аман қалады. Ал талдау нысаны болып отырған жырда ағасы не көрсем де ініммен бірге көрейін деп қасындағы жолдастарымен қоштасып, өз алдына бағыт ұстанған.

«Шәкір-Шәкіратта» Шәкірдің жазықсыз, адал ниеттегі жан екенін жеңдеттер біліп, бір қойдың қанына баланың көйлегін бұлап, олардың еліне оралуы мен «Жүсіп-Зылихадағы» ағалардың ешкі қанына Жүсіптің көйлегін бұлап, әкелеріне Жүсіпті қасқыр жеп кетті деп «бауырымдап» келген ұқсас жерлері өзара байланыса түйіскендей.

«Шәкір-Шәкіратта» аға мен інінің бір-біріне кездесуі сәтті шыққан. Қиыншылыққа кезіккен ініге ағаның демеуші болып отыруы бауырлық сезімнің жоғары нышаны саналады.

Егер «Жүсіп-Зылиханың» оқиға өрімінде ғайыптан болатын оқиғалар сирек ұшырасса «Шәкір-Шәкіратта» ол мұнымен кездеседі. Мәселен, тау астындағы жылтыраған су көзінен суындарын қандырған аға-іні маужырап ұйықтап кеткен шағында әбжылан Шәкірді шағып өлтіреді. Қайғылы Шәкірат жолда бір айдаһарға кездеседі. Көзіне көрінгеннің бәрін шағатын қаскөй күшті асқан айламен Шәкіраттың өлтіруі қызғылықты оқылады.

Ислам дінінің қастерлі қағидаларына кеңіл

бөліп отырған жырлаушы ақын адам жанының тазаруындағы, пәктенуіндегі ұлы жолы Мекке сапарын жыр желісіне қисынды қоса алған. Меккеге баруға аттанған бір кемпір мен шал жолда Шәкіраттың інісін жерлеуін өтініп жазған хатын оқып, оны жерлеудің орнына құдайға мінажат етіп, жан бітіргізеді. Мұның өзі жырдың көне екенінен дерек береді.

Ал тірілген Шәкір бір топ керуенді теңізден аман-есен өткізген еңбегіне бір сандықты сыйға алады. Сандықты ашып қараса өте сұлу қыз шығады. Оған керуендегі адамдар таласады. Бөлісе алмаған керуеншілер тобы қызды сандыққа салып, суға тастайды. Сонда Шәкір қыздың қолына хат тапсырады. Сандықпен бірге аққан қызды балықшы шал ұстап алып, патша болған Шәкіратқа сыйға тартады. Шәкірат алдымен қыздың қолындағы хатты оқып, інісінің тірі екенін біледі. Жан-жаққа іздеу салып, інісін тауып келуге адамдар жөнелтеді. Олар көп қиыншылықтармен інісін табады.

Дастанда кейіпкерлер жүйесі біркелкі емес. Шәкір мен Шәкірат — адамға жақсылық жасаушы, кемпірлік кедейді ауыр азаптан құтқарушы. Олар — баянды істі бастаушылар. Дастандағы халық сүйген қаһармандар — қанша қиыншылық, азап шексе де мойымайтын, оған табандылықпен қарсы тұрып, басқаға жақсылық істеу қолдарынан келетін адамдар.

Шәкірат — дастандағы тұлғалы бейне. Ол туысқа мейірімді, мүлтіксіз жанашыр жан. Жеңдеттер қолынан босанған інісін жолда кездестіргенде қасындағы серіктеріне: «Әкеме мені де өлтірдік деп барыңдар. Не көрсем де ініммен бірге көремін!» — деп қасындағылармен қоштасады. Ол ауыр азапты жолда інісіне сүйеніш болады. Інісінің табаны тасқа тілінгенде риторикалық сұрау арқылы жанашырлық сезімін жүйке босатарлықтай әсерлі жеткізеді.

Дастан кейіпкері Шәкіратқа тән тағы бір қасиет — оның айдаһармен сөйлесе алу қабілеті. Бұл ертегілік сюжет болса да оқиға желісінің дамуына септігін тигізіп тұрғаны даусыз. Шығыстық сюжетке құрылған дастандарда ертегілік, аңыздық, батырлық сюжеттердің кездесе беретінін ескерсек, мұның орынсыз өместігі түсінікті. Дастанда Шәкіратқа таудай талап та беріледі. Елді жауыз күштен арашалап алатын ерлігі мен айласы мол. Мұнымен тынбай ел оған бақ қондырып таққа отырғызады. Ол — аса мейірімді жан. Шәкірдің қызға берген хатын оқығанда інісін сағынып, іші-бауыры қатты елжіреп жылайды. Бұлардың барлығы — халықтың сүйген перзенттерін әр қырынан көрсетудегі ой-арманы мен мақсатынан туындаған асыл қасиеттердің жарқын көрінісі.

Жырдағы шым-шытырман оқиғалардың өрбуіне тікелей қатысты кейіпкерлердің бірі — Шәкір. Ол адал пейілді, ақкөңіл, жұртқа сенімді болып суреттелген. Шәкірдің бойынан әкесіне, ағасына деген мейірімділігімен қатар адамилықтан аттап өтпейтін ұстамдылық пен парасатын танимыз. Сұм өгей шешенің жеңіл өтеттік тілегін орындатпақ ойынан шошына қашып кетеді.

Аңнан қайтып келген патшадан опасыздығын жасырған ханым бар күнәні баласына үйіп-төгеді. Патша мұны есітіп ашуланады, бір ауыз сөз сұрамастан: — Шәкірден тысқа апарып, арам өлтір. Бауызда! — деп жеңдеттерге жарлық салды.

Күнәсіз бала жеңдеттерге ағынан жарылып: «Мені өлтірмеңдер!» — деп зар өңіреді. Жазықсыз бейшараны өлтіруге жеңдеттердің көзі қимай, бір қой сойып, көйлегін қанға былғап: «Құлақ естіп, көз көрмес бір жаққа кет», — деп Шәкірді қоя берді.

Қорыға айтқанда, өмір құбылыстарын суреттеу, баяндау, адамның бейне-қалпын жасау, сюжет құру, оқиғаны ширату, тіл, стиль ерекшеліктері жағынан алғанда «Шәкір-Шәкірат» — ертегі-аңызға тән көркемдік амал-тәсілдерді мол сіңірген дастан дер едік.

Тұрдыбай ҚАЛДЫБАЕВ,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ
тілі кафедрасының доценті.